

Ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаларға, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 193 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5473 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 32 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.13 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 23 қазандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі – Агенттік) **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ұсынылып отырған Ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаларға, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдану ережесі бекітілсін.

2. Агенттік Басқармасының "Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына мәжбүрлеу шараларын қолдану ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 60 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4156 тіркелген) өзінің күшін жойды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Хаджиева М.Ж.):

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін ж і б е р с і н .

5. Агенттіктің Төраға Қызметі (Кенже А. А.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым *Е. Бахмутова*
Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен кадағалау агенттігі
Басқармасының 2008 жылғы
28 қ а р а ш а д а ғы N 193 қаулысымен
бекітілген

Ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаларға, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына мәжбүрлеу шараларын қолдану ережесі

1. Осы Ереже " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы " Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы, " Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және кадағалау туралы " Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңдарына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен кадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаларға, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) мүдделерін қорғау мақсатында Заңның 42-7-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаларға, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына қолданады.

3. Бір мәжбүрлеу шарасын қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда екінші мәжбүрлеу шарасын қолдануды жоққа шығармайды және ертеректе қолданылған шараларды тоқтата тұрмайды

әрі олардың қолдануын тоқтатпайды.

4. Ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлға немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы уәкілетті органның оған қатысты мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы хабарламасын алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға, қажет болған жағдайда басқа құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органның талаптарын орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспар-кестесін ұсынады.

5. Уәкілетті орган жоспар-кестені қарап, өз қорытындысын ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаға немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына он күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

Уәкілетті орган жоспар-кестемен келіспеген жағдайда, ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаға немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына нақты іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау жөнінде нұсқау жібереді.

6. Ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлға немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы уәкілетті органды шешімде көрсетілген мерзімде уәкілетті органның талаптарын орындағандығы жөнінде хабардар етеді.

Егер шешімді орындаудың белгіленген мерзімі бір айдан асатын болса, ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлға немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы оны кезең-кезеңмен орындау туралы уәкілетті органға ай сайын хабардар етеді.

7. Ірі қатысушы белгісін иеленетін тұлғаның немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының уәкілетті органның шешімімен көзделген талаптарды орындау мерзімінің басталуы оның осы шешімді алған күні болып есептеледі.

8. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіппен шешілетін болады.